

Шахимарден

Билер

трагедия

Қатысушылар:

Төле би – ер 50-55 жаста

Қазыбек би – ер 50-55 жаста

Әйтеке би – ер 30-35 жаста

Тәуке хан – ер 30-35 жаста

Санагүл – құрама рудың қызы, 20 жаста

Жәзира – Санагүлдің шешесі, жесір. 40-45 жаста

Қылышбек – ер 25-30 жаста

Мырзақып – ер 50-55 жаста. Құрама руының ақсақалы

Бәйбіше – 40 жасқа келген әйел, Мырзақыптың жұбайы

Әлішер – құрама рудың жігіті, 20-25 жаста

Әлібек – жігіт, 20-25 жаста

Сары шал

Әлібектің шешесі

Қыздар

Жігіттер

Әйелдер

Еркектер

Аспапшылар тобы

Қыз бишілер

Сарбаздар

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сцена

Ә л і б е к. Әй, Әлішер!

Ә л і ш е р. (теңгелерді санап отыр) Сен неге отырарлықты аласың? Саған қанша рет айтуға болады. Оларда алтын қалған жоқ, тек қана жез. О, жалпақ бет. Қазір тек хюалық, ауғандық, қашқарлық теңгенің ғана бағасы қалды. Олардың да бұрынғы шыққаны өтімді.

Ә л і б е к. Қойшы... Көрсет.

Ә л і ш е р. Мә! не керек, мұрныға тығып жіберейін бе? (теңгені бетіне лақтырады)

Ә л і б е к. Әй, неге бетіме лақтырасың?

Ә л і ш е р. Жарайды, қайтар бері.

Ә л і б е к. Кетші.

Ә л і ш е р. Жарайды, шығар бері. Бір рет жұтып алайықшы. Әбден сусанып кеттім.

Ә л і б е к. Болмай ма? Тәңертеңнен бері жұтып жатырмыз, жұтып жатырмыз, керуен келсе не істейміз?

Ә л і ш е р. Саспа, жалпақ бет, өзің білмейсің ба, бүгін ешқандай керуен келмейді.

Бір торсықтан екеуі бір нәрсе ішетін болды.

Ә л і ш е р. Удай. Басым айналып кетті. Әй, қазір бір айғырға мініп алып қыз қуып кетсек.

Ә л і б е к. Жоқ, қасқырларды қуып жүрсек. Қамшымен басына... басына салсақ.

Ә л і ш е р. Мен өзім қасқырмын.

Ә л і б е к. Жаман мас болып кеттім ғой, қалай... Күннің ыстығы ғой... Осы мықты бозаны қайдан таптың? Қырғыздардан ба?

Ә л і ш е р. Алатын жер бар.

Әлібек торсықтан кеселерге тағы құяды. Жігіттер ішеді.

Ә л і ш е р. Он жыл бұрын осыннан үш сағат сайын бір керуен өтетін болған. Неше түрлі затты сатып алуға болатын. Жібек керек болса ал, қанжар керек болса – досыңның кеңірдегін орып жіберуге – ал! Ал дұшпандарға... осындай... тырнақ жүзді қанжар болды. Неге... дұшпанды жәй емес, жыртып бауыздауға... арам қанын бойында қалдырып... Өткен заманда осы құдық басында керуен бағып отырған адамдар бір жыл ішінде бай болып кеткен.

Ә л і б е к. Әй, осындай болмайтын дүниені саған кім көпіртті?

Ә л і ш е р. Әкем айтты. Ал, қазір, бір керуен өте қалса, ол да күнде емес, өзің көріп отырсың ғой енді, бір-екі теңге еңбегімізге түссе оған да рахмет. Өткен уақытта теңгенің заты таза болатын. Алтын болса алтын, күміс болса нағыз күміс. Ал қазір түсінбейсің, кім осындай теңгелерді құйып соғады. Осы заманның теңгелерінде күміс те, алтын да қалған жоқ. Сонымен бұрынғы керуен жолда отырған қала басыларға сенім қалмағандықтан Отырар, Созақтан ешкім өтпейтін болды. (Әлібекті басынан қағады) Мә, саған, бұзау бас.

Ә л і б е к. Сен немене, басында басыма теңгені лақтырыдың, енді ұрасың, мен саған кім?

Ә л і ш е р. Ал, тағы не керек?

Ә л і б е к. Жоқ, әй, сен Әлішер мынаны қой.

Ә л і ш е р. Әкел, торсықты! Тағы ішейік. Екеуіміз нағыз доспыз ғой, солай емес пе.

Ә л і б е к. Жоқ, сен маған жауап бер! Әй, өзің құйып ал керек болса. Мен саған... немене... құлмын ба! Абайла.

Ә л і ш е р. Құл болсаң немене?

Ә л і б е к. Әй, мә! (бетіне жұдырықпен ұрып жібереді) Же, құл үшін!

Екі жігіт арасында төбелес басталады.

Ә л і ш е р. Ә, мә саған!

Ә л і б е к. Әй, ит!

Ә л і ш е р. Өлтіремін!

Ә л і ш е р. Сен солай ма, мә саған онда!

Екеуі төбелесіп жерге құлайды. Әлішердің қойнынан көп теңгелер төгіледі. Сол теңгені Әлібек жинай басатды.

Ә л і б е к. Сасық доңыз. Сен кімді құл дедің! Мені, қазақтың баласын құл дедің бе? Сен сасық құрама. Түбінде жоқ... қазақ ата-бабаларың жоқ. Керек болса сен нағыз құлсың. Сенің балаларың да құл болады. (Әлішердің басына бозаны құйып жібереді). Мә, ішіп тойып ал, тұншық өзіңнің бозаңа.

Әлібек кетеді. Әлішер бір үлкен тасты көтеріп Әлібекті қуып барып, артынан басына ұрып жібереді.

Ә л і ш е р. Мә! Же!

Екінші сцена

Сырдарияның жар жағасы. Жылықылардың дүбірі, кісінеген дауысы естіледі. Жылықылардың дүбірі тоқтайды. Жағаға қолдарында қамшы, үш

қыз күліп шығады. Арасында Санагүл. Қарсы шетінен Төле би малайымен шығады. Оларды көріп қыздар тоқтап, күлкісін тиып, бастарын иеді.

Т ө л е б и. Осы Сырдарияның жағасында қандай ғажап гүлдер өседі. Күліп көктем туралы ән айтып тұр. Ал, өзінің тамырлары туралы не айтады?

М а л а й. (Қыздарға) Ұлы би Төле үйсін сендерге сәлем беріп сұрағаны, сендер қай елден?

С а н а г ү л. Гүлдерге аудармашы керегі жоқ. Гүлдер жүрек тілімен бүкіл тілдерді түсінеді. Біз Мырзақып ауылынанбыз. Руымыз құрама. Ал, біздің сәлемге әулие Қызырдың даусы қосылсын. Қызыр баба сіздің алдыңыздан шығып нұр шашсын.

М а л а й. Әй, қыз, сен немене! Осындай мақұлық сөзді қойып дұрыс жауап бер, ұлы биге!

Төле би қамшы ұстаған қолымен малайын тоқтатады.

Т ө л е б и. Атың кім, қызым?

С а н а г ү л. Менің атым Санагүл.

Төле би. Санагүл, ал Қызыр ата сенің жолыңда көрінсе сен сол әулиеден не сұрайсың? Қандай көңілің бар?

С а н а г ү л. Мен сұрасам, сіздердің сапардан қазіргідей жылы жүзбен аман-есен қайтқандарыңызды сұраймын.

Т ө л е б и. Рахмет, айтқаныңа. Сонда мен қайтқанда менің жылы жүзімнен, сыр болмаса, нені оқып аласың?

С а н а г ү л. Ешқандай сыр жоқ. Жәй нәрсе. Сіздің жылы жүзіңіз маған айтады, Төле би барған жерде соғыс та жоқ, тартыс та жоқ. Ал адамадар арасында тартыс болғанда Төле би келісімен бәрі шешілген. Оларды тыныштыққа жеткізген Қазақ соты. Бізден алыста, біздің қасымызда ел бейбітшілікте тұрса, бір-бірін түсініп тіршілік жасаса біз де бақытты боламыз. Біз де ешкімнен үрікпей болашаққа қараймыз.

Т ө л е б и. Ғажап, осындай сөздер жас қыздың таңдайынан тізілгені, бұлбұлдың қырандай қалықтағаны сияқты көрінеді. Әкеңнің аты кім?

С а н а г ү л. Әкемнің аты Алакөз. Марқұм әкем біздің руымыз көп жыл бұрын қанішер хюа ханынан қашып жүргенде қаза тапқан. Сол уақта 3 жаста болдым. Анам мені қолынан түсірмей шетсіз тақыр құм даладан өткенде, әкем туралы бір сөз айтқан жоқ. Сол жолда алдымыздан Қызыр әулие шыққан жоқ. Бізге етегінен орын берген Мырзақып нағашым болды.

Т ө л е б и. Мырзақып туралы мен бір сөз естідім. Сол кісі бай, ақылды сияқты.

С а н а г ү л. Байлық ақылды сатпақты, ақыл байлықтан қашпақты емес пе.

Т ө л е б и. Сенің сөзіңнің де жөні бар, қызым. Мұз бен тұз тамақты сақтайды. Бірақ өзара қосылғанда береке таппайды.

Б і р қ ы з. Ойбай, жылан... жылан... Әне...

Е к і н ш і қ ы з. Өлдік, өлдік мыңда!

Қыздар айғайлап қашады.

М а л а й. Қане? Мен тілін суырып алмайтын жылан жоқ!

Осы іске Төле би мен Санагүл мән бермейді.

Т ө л е б и. Бізді көріп аттан түсіп қарсы алғандарың сендердің жақсы тәрбиелерінді көрсетеді. Бірақ, абайсыздықтарыңды байқатады. Кең далада әулиелер жалғыз кездеспейді. Жылан да болады, айдаһарлар да жүреді.

С а н а г ү л. Айдаһарды көрсем атқа қамшы баспай, қайта тоқтатамын. Неге десеніз ол өте сұлу болуы керек. Шындықты айтсам, бізге осында тоқтауға тағы бір себеп болды. Осы Сырдарияның жағасы жаннатқа ұқсамай ма екен, қараңызшы бүкіл дала гүлдеп, өзен беті аспанмен астасып, су тереңі ой тереңін оятпай ма. Гапу етіңіз, мүмкін мен салмақсыз сөз айтып тұрған шығармын.

Т ө л е б и. Жоқ, қарағым, бекер сөз естіп тұрған жоқпын.

Төле би, Санагүл асықпай қадамдап Сырдарияның жар жағасына шығады.

Т ө л е б и. Санагүл, жаңа ғана күліп тұр едің, енді жүзінді мұң басып кеткені қалай? Бұл шерді саған алыстан анау шағала әкелді ме?

С а н а г ү л. Мен оларды аяймын. Шағалалар осынау шалқар салқын су үстінде жалғыз сияқты көрінеді.

Т ө л е б и. Құстарды аяма. Олар нағыз жалғыздықты білмейді.

С а н а г ү л. Сонда кім шын жалғыз? Қасқыр? Жылан? Әлде Сіз мені қорқытқан айдаһар ма?

Т ө л е б и. Адамның баласы... Кейде жұтып алған жалғыздық адамның құр сұлдерін қалтырады.

С а н а г ү л. Сонда жаны қайда кетеді?

Т ө л е б и. Жаны шағала болып ұшып кетеді.

Төле би қоштаспай аттары тұрған жаққа беттейді. Бір сәтке тоқтайды.

Т ө л е б и. Санагүл, Мырзақыпқа, шешеңе сәлем айт. Қазір біз Ташкентке бет алып барамыз, қайтқанда Құдай бұйыртса сіздің ауылға түсеміз. Сосын... Жар жағасынан суға қарама. Абайла, су перілері тартып кетеді. Тағдырмен байланысты қауіптер ертек емес.

С а н а г ү л. Өзінің тағдырын білген жаман ба?

Т ө л е б и. Өзінің тағдырын білген батырдан батылдық кетеді, тағдырын білген қыз бақытсыздыққа жетеді.

Осы кезде қыздар жиналады.

Б і р і ш і қ ы з. Сау болыңыз!

Е к і н ш і қ ы з. Жолыңыз болсын, мырза!

М а л а й. Қалайын ба мен? Кетсем жыландардан кім қорғайды сендерді.

Б і р і ш і қ ы з. Сен кетсең жыландар да кетер.

Е к і н ш і қ ы з. Жол болсын, батыр!

Жалғыз қалған Санагүл ыңылдап ән айтады.

С а н а г ү л. Дәрия тынып іштен үн қатпайды,

Дәурен бір тұрмай баста сырғақтайды.

Шағала алып ұшып үмітімді,

Үкісі сәукелемнің бұлғақтайды.

.....

Үшінші сцена

Құрама Мырзақып байдың алты қанат киіз үйі. Мырзақып өзі және бәйбішесі қымыз ішіп отыр. Бір малай кіреді.

М а л а й. Байеке, сізге Өлішер келді.

М ы р з а қ ы п. Кірсін.

М а л а й. Жақсы.

Малай шығып кетеді.

Б ә й б і ш е. Әй, Мырзақып, саған не боп қалды? Қолыңда бос кесе, балбалдай қатып қалдың ғой. Әкел тағы құяйын. Осы жыл қымызымыз өте тәтті болып шықты.

М ы р з а қ ы п. Мырзақып та бәрі, ұшбұ, тәтті болу керек. Қатыны да (әйелінің мықынын мытып жібереді) қымызы да.

Б ә й б і ш е. Қойшы, ей! (күледі).

Өлішер кіреді.

Ө л і ш е р. Ассалаумалайкүм, байеке!

М ы р з а қ ы п. Аман. Кел.

Өлішер Мырзақыптың қасына отырады.

Ә л і ш е р. Бәйбішенің қымызын ай, исі мұрынды шүйіріп барады.

Б ә й б і ш е. (Әлішерге бір кесе қымыз құяды) Ал, айналайын, дәмін тат. Бетіңе не боп қалды?

Ә л і ш е р. Аттан құлап қалдым.

М ы р з а қ ы п. Біздің руда аттан құлаған жігітті, ұшбұ, бірінші рет көріп отырмын. Кіммен тартысқа түсіп жүрсің?

Ә л і ш е р. Ол... солай...

М ы р з а қ ы п. Дұрыстап жауап бер! Кім аттан құлаған, кім-кімге ат болған, Мырзақыпқа болған жағдайдың, ұшбұ, бәрі белгілі болу керек.

Ә л і ш е р. Солай... Ал... Бәрібір сізге жеткізеді ғой. Сізге, байеке, күнде жеті теңге тапсыратын міндетім бар ғой. Бірақ бүгін екі теңге ғана әкелдім. Алыңыз, байеке.

Әлішер теңгесін Мырзақыпқа беруге әрекеттенеді. Бәйбіше Әлішерге құйған қымызын оған бермей қайта астауға құйып жібереді.

М ы р з а қ ы п. Екі?! Екі ғана?

Ә л і ш е р. Кешіріңіз, болғаны осы.

М ы р з а қ ы п. Калай? Өтірік айтпа! Мен білем ғой, сен достарыңмен бірге үш құдықтан жиырма теңге жинап аласың. Сонда қалай тапқаның қайыршының олжасындай-ақ боп шықты? Ұшбұ!

Ә л і ш е р. Ешқашан жиырма теңге тапқан емеспіз, кейде қолымызға он шақты теңге түскені ырас. Өзіңіз білесіз ғой, байеке, сіздің заманда керуен аяғы үзілмейтін, ал қазір өте сирек. Осы күнде жерімізден бір-екі керуен өте қалса қуанамыз.

М ы р з а қ ы п. Мырзақыпқа керуен бар ма, жоқ па бәрібір, күніне жеті теңге әкелу сенің борышың. Құдықтың пайдасынан болмаса қойныңнан шығарып әкел маған. Нағып, ұшбұ, менің қымызымды мұрныңмен комағайлана жұтып рахаттанып отырсың! Бопты, теңгемді тапсыр тезірек.

Ә л і ш е р. Шындықты айтайын, байеке, бүгін қолымда сіздің жеті теңге болды. Бірақ, қазақ ауылының бір оңбаған иті мені зорлап тартып алғаны. Міне, оның жұдырығының ізі (бетіндегі таңбаны көрсетеді). Мен есімнен ауып құлап қалдым. Ал, ол сіздің теңгеңізді ап қашып кетті. Әрине мен кінәлімін, сонымен үйіме әрең жетіп бары екі теңгемді алып сізге келген бетім. Менің жиған қазынам осы.

М ы р з а қ ы п. Неше рет айтам саған қазақ ауылының бұзақыларымен бірге жүрме деп. Мырзақып мықты, ұшбұ, Мырзақып сұлтан сияқты. Бірақ, қазақтармен тіресуге менің шамам аз. Ақымақ. Енді маған тоғыз теңге берешек болдың. Ертең әкелесің.

Б ә й б і ш е. Он теңге.

Ә л і ш е р. Барын әкелдім! Он теңгені мен қайдан тауып алам?

М ы р з а қ ы п. Білмеймін. Табасың, бітті.

Б ә й б і ш е. Ойбай, енді біз де тілемші боп кететін болдық қой.

Ә л і ш е р. Біздің құрама отырған жерге керуендер өтетін Қосмұрын сайды қосуға реті табылса, сонда он теңге емес, масқара! Қаншама теңге табуға болады.

М ы р з а қ ы п. Қоссақ ол жаман емес, бірақ дулаттардың жаныс руы сол жерге аяғымызды бастырмас. Олардың қыстауы ғой, ұшбұ.

Ә л і ш е р. Айтысайық, дәлел табайық.

М ы р з а қ ы п. Қалай айтысасың, Төле би жаныс болғасын...

Ә л і ш е р. Өте жақсы жер. Тәшкенттен Қосмұрынға атқа күндік жол. Сол сайдан өткенде оңтүстікке де, батысқа да, Қашқарияға да жол ашылады.

М ы р з а қ ы п. Қашқарияға... Ұшбұ. Сол жақ қой қытайлардың жібегі келетін. Мырзақыпқа өте ұнайды.

Ә л і ш е р. Ал, дулаттардың қыстауын айтсақ... сол қыстауда ешкім тұрмайды. Жеті жыл бұрын сол қыстауда қоныстанған ауылдың жартысы қызымық ауыруынан өліп кетті, қалған жартысы сол жаққа аяғын да баспайды.

Б ә й б і ш е. Онда ешкім өлген жоқ, бәрі өтірік, тап-тамаша жүр. Сол сай бұрын да қазір де біздікі.

Ә л і ш е р. Сол жұқпалы ауыру бар сайдан керуен күттетін жігіттер бізден табылмас. Байеке, сіз жыл бұрын сол Қосмұрынға бір түрікмен құлды қатынымен қоныстандырған жоқсыз ба? Естідім, оларға түк болған жоқ. Сонда қыстады және жайлады, соларда еш жұқпалы ауыру болған жоқ.

М ы р з а қ ы п. Сен осы нәрсені ешкімге айтпа, ұшбұ. Мен абайлап жаныс рудың ақсақалымен тілдесейін, мүмкін сатып берер бізге сол сайды. Мақұлық қазақтар сауда керуеннің пайдасын түсінбейді ғой.

Ә л і ш е р. Жоқ, байеке, сатпас. Сол жерде олардың зираттары бар ғой.

Б ә й б і ш е. Ойбай, құдай сақтасын!

Ә л і ш е р. Оларға айтпай өзіміз керуен өткелін жасап алсақ.

М ы р з а қ ы п. Жоқ, келісу керек. Сатып жібереді. Сатты ғой Мырзақыпқа үш құдықты. Неге дерсің... (*алтын теңгені көрсетеді*)... Береміз керек адамдарға алтын жармақты, сонымен бәрі, ұшбұ, болады. Мен оларды білем ғой, ойлайды, бәрібір құрама сол обалы жерде тұрып өз бетімен құрып кетеді деп (*күледі*).

Әлішер де күледі. Осы сәтте Мырзақып күлкісін тиып Әлішерді қолымен итеріп жібереді.

М ы р з а қ ы п. Жә, болды. Бар. Ертең мен сені тоғыз теңгемен күтемін.

Ә л і ш е р. Байеке, мен тоғыз теңге былай тұрсын сізге тоқсан теңге әкелуге шамам бар.

М ы р з а қ ы п. Түсінбедім?

Ә л і ш е р. Сіздің жиен қызыңыздың бағасы тоқсан теңгеден жоғары болса айтыңыз, қалың қанша болса да берем.

М ы р з а қ ы п. Сен маған күйеу болғың келе ме?

Б ә й б і ш е. Акетсін.

Ә л і ш е р. Байеке, менің үйленетін уақытым келгелі қашан.

М ы р з а қ ы п. Ей, сен айтсаң ойланып айт. Мен сендей қарасүйекке қалай қыз беремін. Кет, көзіңді жоғалт мына маңнан. Көрдің бе өзін, , ұшбұ, Мырзақыпқа күйеу бала болудан дәмесін. Мазақтама мені.

Б ә й б і ш е. Әй, Мырзақып, кімге керек қайыршы қыз, мінгестіріп жібер осыған, ану тоқсан теңгені төлесе. Дәл сол қыздың бағасы.

Ә л і ш е р. Байеке, ақша керек болмаса қалыңға не керек, айтыңыз, сіз үшін керек болса адамды да өлтірем. Менің сөзім сізге бос сөз сияқты көрінбесі үшін бір алтын жамбы алыңызшы.

М ы р з а қ ы п. Жарайды... Көреміз. Бар.

Мырзақыптың алдына бір жамбы алтынды қойып шығып кетеді.

М ы р з а қ ы п. Әй, бәйбіше, анау құманды шығаршы бері.

Б ә й б і ш е. Көтере алмаймын.

М ы р з а қ ы п. Әй, сен кәрі саулық...

Мырзақып өзі жүктің арасынан бір үлкен құманды алып шығып, оған алтын жамбыны салмақшы болады.

М ы р з а қ ы п. Ә, ұшбұ... толуға жақын... Беті бал қаймақтай...

Әлішер кетеді.

М ы р з а қ ы п. Кім біледі... Мүмкін...

Б ә й б і ш е. Құрт анау қыздың көзін.

М ы р з а қ ы п. Әй, ұмытпа, ол менің туған қарындасымның қызы ғой.

Б ә й б і ш е. Әбден шаршатты мені, соншама паң, соның әліпті білгенінен маған не пайда, көзі де жаман. Сол кәрі қызды ешкім де алмайды. Жиырама екіден асты, оның құрбылары бес бала тапты, ал мынау албасты отыр жігіттерді таңдап.

М ы р з а қ ы п. Аузыңды жабасың ба, жоқ.

Мырзақып бәйбішесін таяғымен салып жібереді. Бәйбіше қаңқылдап кетеді.

М ы р з а қ ы п. О, Алла, не істедім мен... Жаратқан саған... не жаздым... Ұшбұ.

Төртінші сцена

Басын қанды шүперекпен ораған Әлібек ауылының қасына келеді. Оған қарсы қасында жігіттер бар Қылышбек алдынан шығады.

Б і р і ш і ж і г і т. Әй, Әлібек, сені кеше бала сияқты, құрама досыңнан таяқ жегенінді естідім. Қалай, тойдың ба?

Е к і н ш і ж і г і т. Мүмкін біздің Әлібек бозадан мас болып басын анау құрама байқұстың жұдырығына өзі соққан шығар.

Жігіттер күлетін бастанды.

Ә л і б е к. Кім мені сабайды. Керек болса мен өзім-ақ оңбаған құраманы омақастырам.

Ү ш і н ш і ж і г і т. Иә, сен белгілі батырсың ғой. Енді біз сені Әлібек батыр емес, Басы жарылған Әлібек деп атаймыз!

Жігіттер одан ары күле бастады. Әлібек осы сөзді айтқан жігітті жерге құлатады. Төбелес басталады.

Б і р і н ш і ж і г і т. Ұр! Қайқайт!

Е к і н ш і ж і г і т. Қолын қайыр!

Б і р і н ш і ж і г і т. Жамбасыңа ал!

Е к і н ш і ж і г і т. Аяма, соқ, қаттырақ ұр!

Б і р і н ш і ж і г і т. Алға!

Төбелес аяқталады.

Қ ы л ы ш б е к. Сендерге не болды, жігіттер? Қазақтың басы анау құраманың қолынан жарылғаны масқара болып, қарауға бетіміз қалмағаны жетпегендей. Енді қазақ пен қазақ төбелесетін болдық па?

Ә л і б е к. Анау құрама маған тие алған жоқ, қайта мен оны иттей сабадым. Міне теңгелерін де тартып алдым, (теңгелерді көрсетеді). Алыңдар, жігіттер. Қылышбек, керек пе?

Қ ы л ы ш б е к. Тарт қолыңды, намыс ақшадан қымбат. Қазаққа қолын көтерген құрамаға осы жерден орын жоқ!

Б і р і н ш і ж і г і т. Дұрыс! Құрамаларға өз орны табалдырықтың сыртында екенін көрсететін уақыт жетті.

Е к і н ш і ж і г і т. Жақсылап дүрелеу керек оларды.

Ү ш і н ш і ж і г і т. Бүгін! Түнде олардың ауылын шауып кетейік.

Қ ы л ы ш б е к. Жоқ, құрама ауылына тимейміз. Мен ұйықтап жатқан қатын-баланы үркітетін жан емеспін. Жылқыларын шауып әкетейік. Олар жылқысын қайда жусатады?

Ә л і б е к. Қызылтіл төбесінде.

Қ ы л ы ш б е к. Ол біздің жеріміз ғой!

Е к і н ш і ж і г і т. Әбден басынып кетті!

Қылышбек. Соны айтып тұрмын. Бұл маңның әр тасы таныс бізге, қандай қараңғы болса да осы түннен қалдырмай шауып аламыз. Барыңдар, аттарды дайындап, шоқпарды сайлап алыңдар!

Екінші жігіт. Қандай тамаша болады!

Бірінші жігіт. Біздің жауабымызды ұмытпастай етіп таңба саламыз.

Әлібек. Әуелі кішкене боза ішіп алсақ қалай?

Қылышбек. Қой! Қандай боза, арам ауыз!

Әлібек. Болдым, болдым, Қылеке!

Бесінші сцена

Кең далада Санагүл жалғыз келе жатыр. Оның алдынан Әлішер шығады. Әлішерді көріп Санагүл қолындағы қамшымен өзін айналдырып жерден шеңбер сызады.

Әлішер. Санагүл!

Санагүл. Шеңберді басып көр! Міне қамшы!

Әлішер. Неге сен мені қасқырдай көріп қарсы аласың? Мен де адамның баласымын ғой. Тіпті жәй адам емеспін, бай адаммын. Қарашы, менде қанша теңге барын *(ақшасын көрсетеді)*. Мұнда алтын да, күміс те бар, қара, бәрі сен үшін. Санагүл, менің жүрегімді жараламашы. Сенсіз маған өмір де жоқ сияқты. Не керектің бәрін саған сатып әперем *(шеңбердің сыртын жазалап Санагүлді айналып жүр)*. Айналайын, жақында мен өзім қытайға өзімнің керуенімді жіберем, жібек, шәй, әртүрлі маталарды әкелем. Қытай қыздар киетін әйдік аяқ киімді әкелем. Өзім саудагер болам. Не әкелейін саған? Саған арнап жақұттан бұқар ханының сарайындай үй соғам. Неге үндемейсің? Тіл қатшы маған. Жауап берші.

Ақсақ Қылышбек келеді. Қолында домбыра. Қылышбек те шеңберді оңға қарай сыртынан айналады. Ал, Әлішер шеңберді солға қарай айналады.

Әлішер. Кет мұнан, неге айналып жүрсің. Абайла, екінші аяғың да ақсап жүрер.

Қылышбек Әлішердің көзіне тік қарап үнсіз айнала береді. Оның көз қарасына шыдамай Әлішер кетуге беттейді.

Әлішер. Алыс та жүрсем де сені аңдып жүрем *(көрінбей қалады)*.

Қылышбек. Санагүл, Міне, мен саған домбыра жасадым. Қабыл алшы менен осы сауғаны. Тыңдашы, даусы қандай ашық...

Санагүл. Қозғалмай тұр мұнда.

Санагүл домбыраны алмай, Әлішер кеткен жаққа қарсы кетеді. Қылышбек тұрған жеріне отыра кетіп, домбырамен шер толғайды. Сосын домбыраны сабынан ұстап жерге ұрып жібереді.

Қ ы л ы ш б е к. Құрсыншы бәрі!

Алтыншы сцена

Сахара уақыты. Жылықылардың дүбірі. Айқай-шу. Дыбыстар естіледі.

1-д ы б ы с. Ұр!

2-д ы б ы с. Айда!

3-д ы б ы с. Тарт!

4-д ы б ы с. Қылышбек, мұнда... мұнда!

5-д ы б ы с. Ааааа...

6-дыбыс. Өлтірді! Қарғыс атсын сендерді!

1-д ы б ы с. Бері айда, бері!

7-д ы б ы с. Басына соқ!

8-д ы б ы с. Кеттік, жігіттер!

Жетінші сцена

Мырзақыптың үйі. Төрде Төле би отыр, қасында азамат ұлы отыр. Қонақтарды күтіп Мырзақып, бәйбішесі, Санагүлдің шешесі Жәзира отыр.

М ы р з а қ ы п. Мәртебелі Төле би, сіздің ауылымызға келгеніңіз бізге үлкен құрмет. Енді мен де, ұшбұ, менің жарлы елім де сіздің біздің ауылға түскеніңізді ешқашан ұмытпайды. Барып қайтқан жолыңыз оң болды ма?

Т ө л е б и. Тәшкентке барып, сол жақта медреседе жеті ғылымды оқыған осы баламды елге алып келе жатырмын. Құдайдың бұйрығымен баламды ілімге ілдім, балам енді ілімін елге ілер. Сіздің бізді қошаметтегеніңізге алғыс. Жолаушыларға үйінен қоналқы беріп, ас сыйлау Мұхаммед пайғабарымыздың сүннеті.

М ы р з а қ ы п. Мәртебелі Төле би, дүниеде әртүрлі қымбат-қымбат нәрселер бар, біздің жақта ең қымбат нәрсе Төле бидің айтқан сөзі, ұшбұ. Сіздің сөздер жәй сөз емес, ол бізге заң. Сізбен кеңес құру дана құдықтан су ішумен бірдей. Біздің үйімізде жұма жатып аунап-қунағаныңыз бізге үлкен қуаныш, ұшбұ.

Т ө л е б и. Рахмет, Мырзақып. Солай болуы мүмкін. Біздің Тәуке ханның Арал жақта маңғыттармен болған соғыстан қалың қолымен қайтып келе жатқаны туралы хабар келді. Өзі сіздің ауылға жақын өтетін болды. Енді

Тәуке ханымызды алдынан шығып қарсы алып жаңа жеңісімен құттықтау борышымыз ғой.

М ы р з а қ ы п. Біз де Тәуке ханның бүкіл жеңістеріне қуанып жүрміз. Айттым ғой, сіздің сөз біздерге заң. (*босағаға қарап*) Әй, қайсының барсың?

Бір малай басын иіп ішке кіреді.

М ы р з а қ ы п. Бидің ат-көлігін суытып, жайылуға жіберіңдер.

Малай шығып кетеді.

Т ө л е б и. Шындықты айтсам осы сапардың бойында жатқан ауылда көбірек болуға тағы бір себеп бар. Оқуға уақытты аяуға болмайды әрине. Бірақ, баламның шаңырақ көтеретін кезі де келді. Ердің тұрмысы әйелмен.

М ы р з а қ ы п. Дұрыс. Алтын сөз.

Т ө л е б и. Мырзақып, сенің туған қарындасың бар ма?

М ы р з а қ ы п. Иә, бар. Міне отыр Жәзира.

Т ө л е б и. (*Жәзираға қарап*) Қарындасым, сенің балаларың бар ма?

Ж ә з и р а. Иә, Би аға, бір қызым бар.

Т ө л е б и. Аты кім?

Ж ә з и р а. Санагүл.

Т ө л е б и. Бір ай бұрын Тәшкентке бара жатқанда осы ауылдың іргесінде бірнеше қыз алдымызды кеспей аттан түсіп сәлем берген еді. Сонда бір қызымыздың аты Санагүл болды. Сол сіздің қызыңыз емес пе?

Ж ә з и р а. Біздің ауылда Санагүл есімі жалғыз.

Т ө л е б и. Қазақ дәстүрі адет жол, әдет дегенде ата-бабаларымыз салған жол. Әрине үлкендер отырған дастарқанға қыз баланы шақыру әдепсіздік. Бірақ, Мырзеке, сіздің сөзге жүгінсек Төле бидің айтқанының өзі заң, өзі әдет. Жәзира, сол қызыңызды қазір дастарқан басына шақырсақ.

Пауза.

М ы р з а қ ы п. Жәзира, не отырыс, шақыр.

Ж ә з и р а. Қалай шақырамын... Не болды... Кешіріңіз... Қызым өте ұялшақ... Бала ғой әлі. Жат адамнан сескеніп кетіп жүрер.

М ы р з а қ ы п. Ешкім... Ұшбұ... сенің қызыңды жемейді мұнда. Бар дедім, шақыр.

Ж ә з и р а. Жалғызым менің... Жетімегім-ай... Жалғызсың ғой бұл дүниеде...

Жәзира көңілсіз шығып кетеді.

Б ә й б і ш е. Айтады ғой, далада жалғыз өсіп тұрған ақ қайың қисық өседі, деп.

М ы р з а қ ы п. Құдайға шүкір біздің әулетте ондай жоқ, ұшбұ. Біздің Санагүл өте тәрбиелі, көргенді. Маған бала бұйырмады... жалғыз Санагүлімді алақаныма сап мәпелеп өсірдім. Бәйбіше екеуіміз оны туған әкешесі секілді өте жақсы көреміз. Өзінің бойы да, ойы да қандай мінсіз. Ұшбұ... бұл дүниеде барымның бәрі сол Санагүлімнің еншісінде.

Жәзира Санагүлді ертіп кіреді. Санагүл қолын кеудесіне қойып сәлем етіп кіреді.

М ы р з а қ ы п. Санагүл, қызым, біздің мәртебелі қонақтың саған бір-екі ауыз айтар өсиеті бар.

Т ө л е б и. Санагүл, қарағым, кейде бір адамның жүзін мың рет көрсең де бейтаныс сияқты, кей адамның жүзін бір рет көрсең мың рет дидактасқандайсың. Бізден гөрі жастар бір-бірін тез түсінеді. Олай дейтінім олар өмір жолын үлкендердей шалыс басып үлгерген жоқ. Міне, Санагүл, қасымда менің бойдақ балам отыр. Мүәлім өзі. Осы ауылда өзің тәрізді зерек жастардың оқуға көңілі бар ма? Балам осы ауылда медресе ашса жұбы боларсың ба?

С а н а г ү л. Менің ойымша, медресе ашатын ауыл қазақ жерінде бізден ыңғайлырақ.

Пауза.

Б ә й б і ш е. Қандай медресе? Қайтеміз біз медресені...

М ы р з а қ ы п. Сөзге араласпай отыр.

Т ө л е б и. (баласына қарап) Ал, балам, неге үндемей отырсың. Үндемеу қарияларды жақындатады, әңгіме жастарды жақындатады.

Т ө л е б и д і ң б а л а с ы. Есенсіз бе, Санагүл. Сіздің ауылда хат танытын балдар көп пе? Менің пікірімше бүкіл ұл бала да, қыз бала да оқығаны ләзім. Әліп һәрпімен бәрі басталады. Айтқаным дұрыс па, Санагүл?

С а н а г ү л. Менің ойымша бәрі, ләм һәрпімен басталады.

Т ө л е б и д і ң б а л а с ы. Неге солай ойлайсыз?

С а н а г ү л. Менің білезігімде жалғыз ғана ләм һәрпі бар.

Т ө л е б и д і ң б а л а с ы. Бір жақтан дұрыс, ләм һәрпі Алланың есімінде бар. Адам ләм десе Алланы есіне алады.

М ы р з а қ ы п. Қандай дана сөз! Мәртебелі Төле би, сіздің ұлыңыз сондайлық...

Төле би бір қолымен ишара жасап Мырзақыптың сөзін кеседі.

Т ө л е б и д і ң б а л а с ы. Санагүл, сіз осындай кітапты оқыдыңыз ба? Онда былай жырланады:

Ақық та теңдесуге қорынғандай,
Түн қою қара майға шомылғандай
Түнектің мұхитына ұсады да,

Тир, Кәйван, Баһрәмды алды құшағына.
Мұнданып, боп-боз болып түсі қашып,
Жердегі тілсім түннің мысы басып,
Серпе алмай сыры жұмбақ көк мұнарды,
Жол қылып жолаушыдай көкті мәңгі,
Шаша алмай алтын нұрын далаға түл
Алтын ай баяу жүзіп бара жатыр.
Тауды да аспан төсін жатқан тіреп,
Қарғаның қанатындай жапан түнек.

С а н а г ү л. (Өлеңді іліп әкетіп):

Дала да дел-сал болып кеткен қалғып,
Бір сәуле көре алмайсың көктен барлық.
Бар ғалам күндегіден өңге мүлде,
Тұрғандай әһриманның шеңгелінде,
Дүниені зұлмат түні басқандай бір,
Қара құл қара қолмен шашқандай күл,
Шалғын да, бақ та, су да көрінбейді,
Ғайыптан ғажайып нұр төгілмейді.
Тылсым түн дүниеден ықпайтындай,
Батқан күн қайта күліп шықпайтындай...

Т ө л е б и. Махаббат туралы дастандар сөз жоқ тәтті екені рас. Бірақ, балам саған Фердоуси шәй дайындап, бала тауып бермейді ғой. Әйелдің ақылы Фердоусидың бүкіл даналығынан қымбат. Мырзеке, Жәзира, ұлы сөзде ұяттық жоқ, жол мұраты жету, қыз мұраты кету деген даналар... Менде ұл ер жетіп, сіздерде қыз бойжетіп отыр екен. Міне екеуінің жарастығын да байқап отырмыз... Менің қария көңілім игі істің басын бастасақ деп отыр... Мырзақып, Жәзира жастардың жолы енді сіздердің лебізді күтіп отыр.

М ы р з а қ ы п. Төлеке, бұл бізге үлкен мәртебе дегеннен басқа сөз жоқ менде.

Ж ә з и р а. (*жылайды*) Қызым, енді сенің күнің ашылды. Қандай қуаныш... бақытың сенің...

Т ө л е б и. Ал, қызым, сен не айтасың?

С а н а г ү л. Мәртебелі Биеке, сіздің мырза аса оқыған, өте реңді жігіт. Осындай азаматқа менен де жас, менен де білімді, сұлу теңі табылады ғой.

Пауза.

Т ө л е б и. Сүрінбейтін тұяқ жоқ. Жалғыз-ақ Жаратқан жаңылмайды. Тәуке ханның жолын осы ауылда, алыстан күтіп жатқаным ыңғайсыз секілді, жараланған сарбаздардың көңілін сұрап, алдарынан асығып шыққаным дұрыс болар.

Төле би орнынан тұрып шығып кетеді. Ұлы артынан кетеді.

М ы р з а қ ы п. Әй, Жәзира, сенің қызың не бүлдірді. Қазір осы қалың қыспақ заманда бізді қазақтардың қисық қабағынан қамқорына алатын адам табылғанда мынау қызың өзі ашылығын құшақты итеріп жіберді ғой, ұшбұ! Қандай қуаныш еді, біздің үйге Төле би өз аяғымен келгені. Әй, Санагүл, сенің басың бар ма, жоқ. Енді қазақтардан бізді сен сақтайсың ба?

С а н а г ү л. Біз өзіміз қазақ емеспіз ба.

Ж ә з и р а. Ойбай, не бүлдірдік, не істейміз енді... Мырзақып, артынан жалынып жүгіріп барайын ба?

Б ә й б і ш е. Істесең қызыңның шәшін жүл. Сонда ол түсінер бірдеңені.

М ы р з а қ ы п. Қазақтар! Ұшбұ! Әрине бізге қазақ болған жақсы. Бірақ қазақтар бізді қазақ деп ешқашан есептемейді. Біз оларға қашанда жәй құрамамыз. Санымыз мың болса көп. Ал олардың саны мың түмен. Төле би дұшпанымыздың сөзін сөйлесе олар бізді сиырдың жапасындай езіп жіберер. Не істейміз енді...

Бәйбіше Мырзақыптың қасында жатқан таяқты алып Санагүлді ұруға тырысады.

Б ә б і ш е. Әй, лағнет! Өмірі біздің қазанымыздан ас ішіп, еш рахметі жоқ албасты, кәрі сайтан. Мә, саған...

Жәзира орнынан ұшып тұрып қызын өз денесімен жабады.

Ж ә з и р а. Тимеңдер жалғызыма. Ұрсаң мені ұр! Мен саған құрбан болайын!

Б ә й б і ш е. Тимеңдер? Тиген былай тұрсын мен жынданған қызыңды өлтіремін!

М ы р з а қ ы п. Рахметті білмейтін мал.

Б ә й б і ш е. Қарасын батырсын бұл жерден.

М ы р з а қ ы п. Кетіндер бұл жерден... Енді қайтып менің босағамды аттаушы болмаңдар.

С а н а г ү л. Кетейікші бұл жерден!

Санагүл шешесін қолынан тартып сыртқа шығып кетеді. Малай жүгіріп кіреді.

М а л а й. Байеке, апат!

М ы р з а қ ы п. Не боп қалды тағы?

М а л а й. Біздің жігіттер... (үндемей қалады).

М ы р з а қ ы п. Кім? Айт жылдам.

М а л а й. Анау Әлішер әбден құтырып кетті. Жүгіріп жүр айғайды сап, қазақтар біздің әйелдерімізді зорлап, балаларымызды өлтірді деп. Жігіттерді жинап кек қайтаруға жаныстардың ауылына шауып кетті.

М ы р з а қ ы п. О, Аллаһ сақтай көр бізді. Не жаздым саған... Осы жаманшылықтың бәрі неге менің басыма үйіріліп қалды. Енді тағы қазақтардан кешірім сұрау керек.

М а л а й. Байеке, кешірім сұрауға кеш боп қалды.

М ы р з а қ ы п. Немене... неге?

М а л а й. Анау Әлішер жігіттермен қазақ ауылының бір адамын өлтіріп қойыпты.

М ы р з а қ ы п. Жетер. Менде тыңдар құлақ қалған жоқ, үндеме. Кет бұл жерден. Ұшбұ!

Б ә й б і ш е. Байеке, қойшы... қойшы... Өзіңді аямасаң да мені аяшы. Менің тұла бойым дірілдеп кетті. Қазір өтім жарылып кетер.

Мырзақып қолынан таяқты жұлып алып бәйбішесіне сілтейді.

М ы р з а қ ы п. Сен де құры... көзіме көрінбе... бәріне кінәлі сенсің... найсап... жүзі қара...

Бәйбіше ойбалап сыртқа жүгіріп шығып үй іргесінде тұрған Жәзіраны көреді.

Б ә й б і ш е. Әй, сен мұнда әлі тұрсың ба, жоғал мұнан қайыршы... құрып кет... Енді білесің! Мырзақып үйінен қуған адамды ешкім босағасынан аттатпайды. түүф... түүф...

Жәзира шошынып, ары кете бастады. Бәйбіше оның алдынан орап алақанымен жерді тырнап оған топырақ шашады.

Б ә й б і ш е. Кет. кет. лау-туф!!! Лии-ийй! У-угаба! От соқсын мені! Инк деші! Қон! Лағнет бұлт! айт!

Сегізінші сцена

Екі-үш қария, Сары шал, ер адамдар, Қылышбек төбе басына жиналған. Топқа таяу жігіттер отыр. Әйелдердің жылаған даусы, жоқтауы естіледі.

С а р ы ш а л. Қылышбек, балам, енді болған істің жәйін анықтап айтшы.

Б і р і н ш і а қ с а қ а л. Қан төгіске қалай барып жүрсіңдер?
Қ ы л ы ш б е к. Біз емес, құрамалар Мүсілімнің ұлы Әлібекті жазым етті!

Е к і н ш і а қ с а қ а л. Қалай өлтірді?
Қ ы л ы ш б е к. Қанпезерлер аяған жоқ, атқа кергілеп өлтірді.
С а р ы ш а л. Жігіттер, сөздің түйінін айтыңдар. Қалай өлтіргені бәрібір емес пе. Не үшін өлтіргенін білген ләзім.

Б і р і н ш і ж і г і т. (орнынан ұшып тұрып) Мен Әлібектің қаны үшін он құраманы өлтіруге дайынмын.

С а р ы ш а л. Қылышбек, анау есерді отырғыз орнына.

Қылышбек жігітке қарайды, жігіт орнына отырып қалады.

С а р ы ш а л. Кектің көзі өткір, кекшіл адам соқыр. Біз жабайы халық емеспіз. Бізде заң бар, бәрін заң бойынша жасау керек. Құрамаларды құн төлеуге жеткіземіз.

Қ ы л ы ш б е к. Ал біздің қазақтардың жерінің құны қанша? Ақсақлдар, құрамалар жәй адам өлтірушілер емес, олар қазақ жерімізді басып алып отыр. Анау Қосмұрын сайды білсеңіз, олар сол сайды қыстап отыр!

Б і р і н ш і а қ с а қ а л. Ол қалай болғаны?!

Е к і н ш і ш а л. Біздің бабаларымыздың сүйегі жатқан жерді олардың табанына қалай таптатып қойдық?!

Жоқтау айтып жатқан әйелдер көрінеді.

Ә л і б е к м а р қ ұ м н ы ң ш е ш е с і:

Қалдырдың мені шерменде,
Зарланып жатыр көр кеуде,
Иесіз найзаң, қалқаның,
Сайлауыттап мінген арғымақ,
Байлаулы қалды белдеуде.
Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жылайын.
Қапияда кеткен жалғызым,
Теңдікті кімнен табайын.
Бейбіт ел қонар көл жайлап,
Ер едің жүрген елді ойлап,
Өлтірді-ау, жалғыз ұлымды,
Босағадағы құл төрде ойнап.

Б і р і н ш і ж і г і т. Жігіттер, осы қасыретке мал сияқты шыдап отырамыз ба! Олар адам емес, қасқырлар! Бүкіл құраманы құртатын уақыт жетті.

Қылышбек. Әй, Түңілікбай атқа мін де суана ауылына хабар бер. Мақұмұт жаныс ауылына, ал, сен Қанағат қаңлыларға шап. Ал сен Сырдың оң жағасында отырған арғындарды шақыр.

Екінші жігіт. Жігіттер, аттаныңдар, көрсетеміз оларға.

Біріші дауыс. Қырамыз бәрін!

Екінші дауыс. Әй, қатын, бер бері найзамды.

Әйел дауыс. Найзаға ілген киімді қайда қоям?

Екінші дауыс. Ошаққа таста, занталақ!

Үшінші дауыс. Шап!

Сахнада у-шу қозғалыс.

Тоғызыншы сцена

Жел гулеген иен далада Жәзира мен Санагүл үш керегеммен қос тігіп жүр. Қалаған керегелерін жел құлатып әлекке салып жатыр.

Жәзира. Ұста, қызым, қатты ұста. Жексұрын жел, саған біз не жаздық... О, Алла не боламыз енді...

Санагүл. Ештеңе етпес, апатай. Алла тағала бізді сорлатпас, шейт болған әкейдің аруағы да желеп-жебер.

Жәзира. Иә, күт, көмектеседі саған сол әкеңнің аруағы. Сенің әкеңнің білері жалғыз бүркітпен аңға шығу, бітті. Бізге бар қалдырғаны түлкінің жұлым-жұлым үш пұшпағы, қасқырдың ала-құла бір терісі. Мырзақып болмаса, қызым, Санагүл, айналайын, біз әлде қашан аштан өлетін едік. Тыңдашы мені, біз кешірім сұрап, ағамның қамқорына қайта бармасақ өлеміз осы иен далада. Әрине, Төле би енді сені келін етуге рұхсат етпес. Мүмкін... Мырзақып бір ерге тоқалдыққа берер.

Санагүл. Жоқ. Дәтім бармайды.

Жәзира. Неге? Не үшін аспан менің басыма азапты түсірді... Сенің осы дәтім бармайды дегенінді естігенде есіме әкең келеді. Ол да не болсын... алдымызда дозақтың есігі ашылса да осы “дәтім бармайдымен” өмір сүрген. *(жылайды)*. Әкеңмен сүрген өмірімді ең бақытсыз өмірім деуші едім, енді білдім сол аз өмір сенімен сүрген өмірмен салыстырғанда ең бақытты өмірім екен. Ей, қарғыс атқан қыз. Көресің, мен өзім сені әбден қаусаған сасық шалға апарып тастаймын.

Санагүл. *(күліп кетіп)* Апарып таста шалға.

Жәзира. Күліп тұрсың ба... бізде амал қалған жоқ.

Санагүл. Шал болса, сол шалды мен өзім айтайын.

Жәзира. Рамазанқұл ауылының кәрі Талапкерін айтасың ба? Оның әлі шамасы бар. Өзінің ауқаты, бірақ шынымен өте сасық.

Санагүл. Жоқ, сасық шалға шықпаймын. Соқыр шалға шығуға дайынмын.

Ж ә з и р а. Қандай соқыр шал, мен білмейім ондайды. Сен осындай жұмбақтап айтқаныңды қой. Мен саған Төле би емеспін... (ойланып қалады)
Әй, сен Төле биді айтып тұрсың ба?

С а н а г ү л. Кешір мені, апатай. Өзім білмедім, қалай болып кеткенін, жар жағасынан қара суға құлап кеткендеймін.

Ж ә з и р а. Қандай жар? Қандай қара су? Антұрған, енді байқап тұрмын сені жын соққанын.

С а н а г ү л. Сол кісі менің інтізар сезімімді көріп алса...

Ж ә з и р а. Жынды... жынды... байғұс....

С а н а г ү л. Иә, сол кісінің жасы үлкен, бірақ, жаны жас, жалғыздықты көп кешкен кісі сияқты көрінеді.

Ж ә з и р а. Қандай шал... Төле би сияқты кісілер еш қашан шал болмайды, бір ғасыр жер басып жүрсе де. Қандай жалғыздық? Сол кісінің ошағын қарайтын әйел жоқ дейсің ба.

С а н а г ү л. Мен оған тоқал болуға дайынмын.

Ж ә з и р а. И-и-и... ондай кісі де тоқал да бар болуы керек. Ол соқыр емес, сен соқырсың. Өзің қолың жетер мүмкіншілікті көре алмайсың.

С а н а г ү л. Қайдан білесің, апа?

Ж ә з и р а. Көзінен көрінеді ғой. Әй, қыз, жетімек ботам-ай... сорлысың...

Санагүл жерге отырып, тізесін құшақтап, басын тізесіне қойып балбал тастай қатып қалады. Жәзира Санагүлдің қасына келіп отырып қызын бауырына басып, ыңылдап әлди айтады.

Ж ә з и р а. Әлди, әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем,
Панамыз біздің құм дала,
Жұбатайын мұңдана,
Боран ба мынау шулаған,
Жылама, бөпем, жылама.
Әлди, әлди, әлди-ай!!!
Өңменімізден қайғы өтер,
Әкесі мұның қайда екен,
Жесір менен жетімді,
Жарылқамас енді бай көкең,
Әлди, әлди, әлди-ай.....

Екінші акт

Оншы сцена

Ханның ордасы. Балғын бұтақтардан қалаған кең шатырдың асытында Тәуке хан жатыр. Қасында қара хиджап киген екі жас әйел отыр. Ханның алдына Төле би мен Қылышбек келеді. Бір сарбаз ханға жақындайды.

Б і р і н ш і с а р б а з. Хан ием, сізге сәлем беруге Төле би, Қылышбек Дулат мың басымен келді.

Т ә у к е. Бері кірсін.

Сарбаз Төле биге қолымен ишара жасап шақырады. Төле би, Қылышбек екеуі ханға жақын келеді.

Т ө л е б и. *(алақанын кеудесіне қойып)* Ассалаумалағалайкүм, Тәуке хан ием!

Т ә у к е. Аманшылық па, Жанысу Төле.

Т ө л е б и. Мәртебелі хан ием, құттықтаймын қазақтар үшін әкелген жеңісіңізбен!

Т ә у к е. Иә, осы сапар табыс болды. Жүз шақты сарбазды ғана жоғалттым. Бірақ қазір біздің жеріміз Аралдан асып кетті. Ей, Қылышбек құрдасым, сен де мұнда тұрсың ба?

Қ ы л ы ш б е к. *(белімен бүгіліп сәлем береді)* Ассалаумағалайкүм, мәртебелі хан ием! Хан иемнің темір сауыты бұрынғыдай мінсіз жарқырап тұр ма?

Т ә у к е. Жоқ, бұрынғыдай мінсіз қалғаны жоқ, осы жолы маңғұттардың бір жебесі найзағайдай тесіп өтті. Байқадың ба, міне бір иығым әлі қанап жатыр. Құрдас, бұрын сен жанымда жүргенде сенің Ханың қандай шайқаста да аман-есен оралатын.

Қ ы л ы ш б е к. Кешір мені, мәртебелім, мен кінәлімін. Мынау аяғым бүтін болғанда артыңнан қалмас едім. Бірақ, келесі сапарда Құдай біледі, ант етем, жүз жебе заулап келсе де сенің қасыңда тұрамын.

Тәуке Қылышбекті қасына шақырып сау қолымен құшақтайды.

Т ә у к е. Жарайды. Білемін, біздің тағдырымыз бір, өткен жыл Нарындағы шайқаста жебе сенің аяғыңды жұлып кетті. Ал, қазір менің қолымды... асылы мен сенен биікпін ғой *(қарқылдап күледі)*. Отыр қасыма, құрдас. Әй, сәтсіздікті есімізге алмайық. Ей, *(қасында отырған қыздарға айтады)* немене отырыс, билеңдер.

Сол сәтте аспапшы топ жылдам шығады. Бүркенген қара киімдерін шешіп жіберген қыздар жартылай жалаңаш болып шығады. Сосын биге басады. Төле би әлі тұр.

Т ә у к е. Ұлы би Төле, төрлетіңіз біздің қасымызға.

Төле би қозғалмай өз орнында қалады. Тәуке оған бір қарайды. Бірақ көнбегеніне мән бермейді.

Т ә у к е. Құрдас, мен мынау пәлені Атакенттен әкелдім, ақсүйектердің қыздары. Қара, Қылышбек, қандай сұлу. Анау алтын білезіктісі менікі. Ал, қалған екеуінің біреуін талдап ал. Немене, борсық сияқты маңқиып отырсың?

Қ ы л ы ш б е к. Рахмет, хан ием. Осылар соғыстан түскен олжа ғой. Ал, мен сол қатарда болмағасын алуға құқым жоқ.

Т ә у к е. Ал, сыйладым.

Қ ы л ы ш б е к. Рахмет. Бірақ мен бір ауылға құда түсіп қойдым.

Т ә у к е. Әй, қырсық қазақтар. Сен ханға көнбейін дедің ба?

Т ө л е б и. Хан ием, қолдан ас жеген ит қорашыл боп кетер.

Т ә у к е. (*аспапшы топқа, биші қыздарға*) Болды, сендердің дабылдан басым әбден ауырды.

Аспапшылар тобы, қыздар жылдам басып кетіп қалады.

Т ә у к е. (*Қылышбекке қарап*) Айтар сөзің бар болса айт, шаршадым, демаламын.

Қ ы л ы ш б е к. Менің сөзім емес, бүкіл дулат тайпасының сізге айтар дәті бар. Суан, үйсін, қаңлы да сол талапқа қосылды.

Т ә у к е. Маған? Талап?

Қ ы л ы ш б е к. Жеткізейін олардың сөзін, хан ием?

Т ә у к е. Айт.

Қ ы л ы ш б е к. Бүкіл қазақтар құрамалардың біздің жерден кеткенін қалайды. Олрамен тұруға бізде еш береке қалмады. Өздері оны біледі. Қазір кеше отырған ауылдардан қашып Қосмұрын сайына жиналып құмырсқадай қаптап отыр. Қосмұрын ол да біздің жер, сол қыстауға тағы да бізден рұхсат алмай қонып алды.

Т ә у к е. (*Төле биге қарап*) Ұлы би, бұрын осындай жағдай болды ма?

Т ө л е б и. Осы дүниеде болмаған нәрсе жоқ. Сіздің мәртебелі атаңыз Есім хан қатаған тайпасын Бұқар жаққа қуып жібергені болған. Есімнің адал қылышынан жан сақтап қалғандарды.

Т ә у к е. Қатаған тайпасына берген жазасы, дұрыс айтасыз әділетті болды. Ұлы Есім хан жоңғарларға жорық жасап ұзақ сапарда жүрген орайды пайланған Тұрсын сұлтан қазақ хандығының тағына үміттеніп Түркістанды басып алып, Есімнің отбасын тұтқындап Тәшкенге алып кетті. Тұрсынды

сол есерлігіне қалың қол болып жиналған қатаған тайпасы болатын. Жорықтан қайтқан Есім хан, есіңізде болса ұлы Би, Тәшкентті қайта басып алып Тұрсынның басын алды. Сол уақытта Есімнің шешімін қазақ билері қолдады, солай ма, ұлы Би?

Т ө л е б и. Солай. Қатағандарда хан Тұрсын, ханымен бірге құрсын, деген шешімі болған билердің.

Т ә у к е. Ол болған жағдай, соғыс жағдайы. Ал құрама маған қарсы көтеріліс жасады ма?

Т ө л е б и. Жоқ.

Т ә у к е. Олай болса маған қатысы жоқ. Сен бисің, шешімін өзің тап.

Т ө л е б и. Жоқ, мен өз басыммен жалғыз осындай іске шешім айтпаймын.

Т ә к е. Неге?

Т ө л е б и. Құрама қазақтар емес. Қазақтардың сөзін сөйлесем, әрине адал шешім боламды дейді. Ал құраманың сөзін айтсам қазақтар мені сатты дейді.

Т ә у к е. Қатағандар да қазақ емес қой.

Т ө л е б и. Содан қазақ билері шешімді жасаған жоқ, тек ханның әрекетін қолдады. Мәртебелі Хан, осы жағдайды шешу сіздің құзырыңызда.

Т ә у к е. Жоқ. Мен еліме келсем де бүтін келген жоқпын. Кеудемде жарақат. Аңға шығуға да күшім жоқ, сонда қандай құраманың жайын басыма салып отырсың. Өзің тап шешімді. Кесім осы!

Т ө л е б и. Мәртебелі Хан, олай болса... осы қазақ пен құрама арасындағы дауды шешуге алты алаштың төбе билерін шақырған оң болмақты. Қазақтың үш жүзінен үш би, қырғыздың Манап биін, қарақалпақтардан Сасық биді алдырсақ, ал мынау қазаққа жатпайтындардан да бір би табылар. Міне соңғы шешімді осы билердің ортақ кеңесіне тапсырсақ шешімі бүкіл далаға адал болып шығады.

Т ә у к е. Солай болсын. Осы айтылған билер Күл төбенің басында менің Ханабад ордама жиналып, ортақ шешім қабылдасын. Ал қазір қайтындар. Әбден шаршадым. Көз ілмегелі үш тәулік болды, ұйықтаймын.

Тәуке би басын ердің тоқымымен орап жатып қалады. Төле би мен Қылышбек кетеді.

Он бірінші сцена

Қ о с м ұ р ы н. Мырзақыптың лашығы.

Б ә й б і ш е. *(лашықтың алдында бір оралған кілемді анда-мұнда тартып жүр)* Осы тар лашық үй емес, заттарымды қайда қоям, түк симайды бұл молаға.

Әйтеке би келеді. Қолында аса таяқ, дәруіш сияқты киінген.

Ә й т е к е б и. Әулие жар болсын! Мырзақып байдың ауылы осы ма?

Б ә й б і ш е. Астапыр Алла! Кімсің... не іздеп жүрсің, сұмырай?

Ә й т е к е б и. Пендеміз.

Б ә й б і ш е. Алақандай жерде топырлап қонған үйлерді ауыл дейді, көрдің ба осындай пендені.

Ә й т е к е б и. Мырзақып үйде ме?

Б ә й б і ш е. Жоқ, ешкім жоқ. Алысқа кетіп қалған. Мен жалғыз иттермен ғана қалдым. Тайншадай төбеттер... бөтен адамды жеп қояды... көршілердің қойнында балтасы бар. Ал біздің үйімізде алатын түк жоқ. Бар, кет жөніңе.

Лашықтан Мырзақып мұрнын көрсетеді.

М ы р з а қ ы п. Әй, не болды, бәйбіше? Иттерді кімге қосып жатырсың?

Б ә й б і ш е. Ешкім емес. Жәй бір қайыршы жүр. Түрі бір бейшара адамның кейпіндей.

Ә й т е к е б и. Ассалаумағалйкүм, ақсақал.

М ы р з а қ ы п. Не керек? *(бәбішесіне)* Ел қайда?

Б ә й б і ш е. Мынау бөтен адамды көріп тау тастардың арасына тығылып қалған болу керек.

М ы р з а қ ы п. *(Әйтекеге қарап)* Қай жақтан келе жатырсың?

Ә й т е к е б и. Кіші жүзден келе жатырмын.

М ы р з а қ ы п. Сол жақтан қонақ күтіп отырған жайымыз жоқ, кетіп қал. *(бәйбішесіне)* Әй, Бәйбіше, сен әбден алжыған кемпір болдың. Сен немене, бұқары кілемді топыраққа аунатып ары-бері сүйрелеп жүрсің...

Ә й т е к е б и. Мырза, қазақ топырағы қымбат па, Бұқара заты қымбат па?

М ы р з а қ ы п. Әрине зат. *(бәйбішесіне)* Иии, Ұшбұ... осы су жаңа нәрседен түк қалдырмайтын болдың ғой...

Б ә й б і ш е. *(жылап)* Енді дүниелерді қайда жасырайын.

Мырзақып Әйтекеге қарап, лашығынан шығып бәбішесінің қасына барып кілемнің бір басын қолымен ұстап алады.

М ы р з а қ ы п. Әй, сен мұнда әлі тұрсың ба? Ұшбұ! Немене қызылкөздене қарап тұрсың?

Ә й т е к е б и. Көзім шайтан жайламаған жерді іздеп жүр.

М ы р з а қ ы п. Таптың. (*бәбішесіне*) Тарт қолыңды менің кілемімнен.
Б ә й б і ш е. Тиме, бұл менің кілемім.

Мырзақып пен Бәйбіше кілемді екі шетінен тартысады. Бәйбіше кілемнің үстіне құлап қалады. Мырзақып бәйбішені итереді.

Б ә й б і ш е. Жармаспа, бұл менің кілемім, жасауыммен келген...
Байеке, мынау біздің кілем үшін келмеді ме?

М ы р з а қ ы п. Кілемді денеңмен жауып алғаның дұрыс. Ұшбұ...
Тұрма енді.

Мырзақып Әйтеке бидің алдына барады.

М ы р з а қ ы п. Керек болса кілемді сатып ал.

Ә й т е к е б и. Қайтемін?

М ы р з а қ ы п. Өлгенде орайтын лыпа керек қой.

Ә й т е к е б и. Жоқ, рахмет. Мәйтті қабір басына апарғанда әрине бір
кілем қажет болар, бірақ Құдайдың алдында адам тек ақыретпен тұрмақты.
Сау болыңыз.

Әйтеке би кетеді. Мырзақып лашығына кіреді де бақырып қайта шығады.

М ы р з а қ ы п. Әй, кәрі жынды саулық! Менің құманым қайда? Анау
қайыршы үйге кірді ме?

Б ә й б і ш е. Қалай кіреді... үйде сен болдың ғой...

М ы р з а қ ы п. Жоқ... жоқ болып кетті менің бар байлығым...
алтындарым... өлтірем... (*Бәйбішесіне*) Әкел бері, сен алдың, әкел...

Б ә й б і ш е. Қой әрі, сен сандалып тұрсың...

Бәйбіше қашады. Мырзақып қолында таяқ, оны қуады.

Он екінші сцена

Төле бидің үйі. Төле би Қазыбекті кіргізеді.

Т ө л е б и. Әй, қайсының барсың... Үлкен қуаныш... Қаз дауысты
Қазыбек келді. Шақырыңдар ауылды сәлем берсін!

Үй ішінде қозғалыс басталады. Қазыбекке сәлем беруге ауыл адамдары келеді.. Сары шал және ақсақалдар кіреді.

Т ө л е б и. Мәртебелі мейманға қазан көтеріңдер... жігіттер, ақсарбас әкеліндер... қымыз сапырыңдар... бұл үйде бар тәтті-дәмдінің барын дастарқанға салыңдар... Әй, бірақ, бұл ауылда да, бүкіл дүниеде де Қазыбекпен құрған сұхбаттан дәмді нәрсе болмас.

С а р ы ш а л. Жөн айтасыз, Төле би. Бірақ, біздің ұлы жүзде ұлы шешен бар ғой.

Т ө л е б и. Үндемеңдер, менің он сұрағыма жәй жауап бергендер.

Б і р і н ш і а қ с а қ а л. Қазып айтқан Қазыбек тереңінен толғасын.

Е к і н ш і а қ с а қ а л. Үй иесінің даналығы қойған сауалынан көрінбейді, қонақты төрге шығарғанынан көрінеді.

Т ө л е б и. Пах, қуаныштан есім кетті ғой. Қазеке, төрге шығыңыз.

Қазыбек би, Сары шал, ақсақалдар төрге жайғасады. Жігіттер қымыз әкеледі.

С а р ы ш а л. Міне, Қазеке, (қолындағы қымыз құйған кесеге қарап) біздің Төле биге берген жауап мынау қымыздай кесенің ортасында қалды. Енді сіздің жауап ернеуіне көтерер ме екен...

Қ а з ы б е к б и. Жарайды, азуымыз етке барғанша сөздің дәмін алайық. Төке, беріңіз.

Т ө л е б и. Айтсам, он жұмбағым бар. Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Қ а з ы б е к б и. Бір дегеніміз, бірлігі кеткен ел жаман.

Т ө л е б и. Екінші?

Қ а з ы б е к б и. Екі дегеніміз, егесіп өткен ер жаман.

Т ө л е б и. Үшінші?

Қ а з ы б е к б и. Үш дегеніміз, үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Т ө л е б и. Төртінші?

Қ а з ы б е к б и. Төрт дегеніміз, төсектен безген жас жаман.

Т ө л е б и. Бесінші?

Қ а з ы б е к б и. Бес дегеніміз, белсеніп шапқан жау жаман.

Төле би. Алты?

Қ а з ы б е к б и. Алты дегеніміз, асқынып кеткен дерт жаман.

Т ө л е б и. Жетінші?

Қ а з ы б е к б и. Жеті дегеніміз жас келіншек жесір қалса сол жаман.

Т ө л е б и. Сегізінші?

Қ а з ы б е к б и. Сегіз дегеніміз серпілмеген қайғы жаман.

Т ө л е б и. Тоғыз?

Қ а з ы б е к б и. Тоғыз дегеніміз торқалы той, топырақты өлімде бас көрсетпесе сол жаман.

Т ө л е б и. Соңғы?

Қ а з ы б е к б и. Он дегеніміз оңалмас кәрілік деген.

Т ө л е б и. Рахмет, дәл тауып шештің. Ойы да тілі де жүйрік тұлпарым. Менде де өзімнің жұмбақты шешетін сөзім бар: «Бір дегеніміз – тоқсан туысын тұтқыннан құтқарып қалған Қаракесек Қазыбек», - деген екен бір дана.

Бір жігіт кіріп босағада тұрады.

Б і р ж і г і т. Қарақалпақтардың Сасық биі келді.

Сасық би кіреді. Үйде отырғандар орындарынан тұрып сәлем береді. Сасық би бәрімен амандасады.

Т ө л е б и. Қане, Сәке, төрге, анау Қазыбектің қасына жайғасыңыз!

Сасық би төрге жайғасады. Үйдегі адамдар бәрі орындарына отырады.

Қ а з ы б е к б и. (Сасық биге) Құс қанаты талатын жерден келесіз. Ат-көлік арымай, аман-есен жеттіңіз бе!

С а с ы қ б и. Шүкір, Алла!

Он үшінші сцена

Қараңғы. Қураған бірнеше қисық ағаштың арасында Мырзақып жүр.

М ы р з а қ ы п. Ей, Мырзақып, жиналған қазақ билерінің алдына сенің барғаның дұрыс қой, не іздеп жүрсің осы қураған ағаштың арасында... Сенің артыңда қураған ағаш емес, қаптаған елің бар ғой. Қорықпай, саспай бүкіл еліңді қорғап шындықты айтып салмайсың ба... Ұшбұ. Енді менің туыстарыма не болады. Әй, Мырзақып өзінді айтпашы. Сен әжептәуір өмір сүрдің ғой. О, Алла, намазды өтедім, оразаны тұттым, садақа... қандай садақа, ел өзін жарылқай алмай жүр ғой. Өмір бақи елмен қатар жүрдім, қиыншылықты олармен бірге көрдім, ешкімге жасаған жазығым жоқ. Қазақтар бізді жерінен қуып жіберсе құрама еліме не болады. Мал-жанымызбен қайда барамыз... Ұшбұ. Хюа жаққа барсақ, олар бізді ұстап алып ауғандарға құлдыққа сатады. Түрікменге барсақ түгел мойнымызды жұлады. Не жаздық біз, о, Алла! Қаһарлы Құдай қандай кешірмейтін күнаһ жасадық. Ұшбұ. О, Алла, өзің бізді бір ел етіп жинадың, енді өзің тоздырып жіберейін дегенің бе?....

Бір ағаштан қол сияқты шығып тұрған бұтаққа қарап аз тұрады. Сосын екі қолын созып бұтақты алады.

М ы р з а қ ы п. Ассалаумағалайкүм Төле би! Неге үндемей карап тұрсыз. Танымай тұрсыз ба? Құда болуға жақын болдық қой сенімен. Жиенім көнбесе, кемпірімді берейін саған. (*өтірік күледі*). Маған да сөз беріңіздерші. (*екінші ағашқа*) Ассалаумағалайкүм, Қазыбек би! Ал, сені білмеймін. Білгенім, сен де қазақтардың алдында шешен сөзбен мақтанғанды жақсы көресің. Бізге сөз емес, бізге тұратын туырлықтай жер керек. Жоқ... болмайды... бару керек сол сотқа.

Мырзақып құлап қалады. Санагүл келеді. Мырзақыптың қасына барып сүйеп тұрғызбақ болады.

С а н а г ү л. Көке, Көке... не боп қалды сізге... тұрыңызшы... жүріңіз біздің үйге... үйде шәй болмаса балауса қайнатып берермін... дем аласыз... сізді мен бағамын...

М ы р з а қ ы п. (*басын көтерін*) Әй, сенсің бе? (*Санагүлді қолымен итеріп жібереді*). Нағып келдің... мені көмуге келдің бе...

С а н а г ү л. Жо... жоқ, Көке, Көкетайым...

М ы р з а қ ы п. Жүрегім... жүрегім... қанжармен тілгендей қалай сыздап ауырады. Дұшпандар... дұшпандар... бәрі дұшпандар...

Мырзақып кеудесін ұстап, қайтадан құлап қалады.

Он төртінші сцена

Төле бидің үйі. Сол отырған адамдар.

Қ а з ы б е к б и. Қарақалпақтың биі келді. Қырғыздардың биі іргедегі оңаша үйде екі күн болды ұйықтап жатыр. Кім қалды? Кіші жүздің биі әлі келген жоқ па?

Б о с а ғ а д а т ұ р ғ а н ж і г і т. Жоқ, мәртебелі би.

Т ө л е б и. Хабар жібергелі бір ай өтті. Осы жолдан атты адам емес, өгіз мінген адам да жететін болды.

С а р ы ш а л. Менің ойымша, кіші жүздің билері Шеген бидің орнына елге әлі таныс емес Әйтеке биді жіберіп қазақтың алқалы сотына құрметсіздігін көрсетіп отыр сыңайлы.

Т ө л е б и. (*Сасық биге*). Сәке, сіздің жеріңіз кіші жүзге қоңсы ғой.

С а с ы қ б и. Жүзін көрген емеспін. Бірақ, естуім бар.

«Суалмайтын суат жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Құйрығы суда тұрса да,
Уақтысы жеткенде

Қурамайтын құрақ жоқ», – деген асыл сөз сол кісінікі болса керек.

Т ө л е б и. (*жұртқа қарап*). Әйтеке биді танитын адам бар ма, осы жұртта?

Отырған адамдар үндемейді.

С а р ы ш а л. Ол өзі бір жұмбақ пенде емес, кәдуелгі екі аяғы, екі қолы, бір басы бар кісі болар.

Т ө л е б и. Жәй басы болса, мұнда да көп.

Қ а з ы б е к б и. Атақты би келмесе, белгісіз дуана келеді.

Есікке қолында, басында тік бөркі бар Әйтеке би келеді.

Т ө л е б и. (*Әйтекеге қарап*). Немесе сайтан.

С а р ы ш а л. Құдай сақтасын! Құдай сақтасын!

Отырған адамдар жамырай күледі.

Ә й т е к е б и. Бисмилләһир-рахмәһир-рахим. Әбузу билләһи минәш-шәйтаниражим. Армыздар, алқалы қауым!

Т ө л е б и. Шайтанды қуып жіберген, қонақ, төрле.

Әйтеке төрге шықпай босағада отырады.

Қ а з ы б е к б и. Төке, маған жіберген хабаршыңыз, болған жәйді қысқаша жеткізді. Білмеймін, өте ауыр дау көрінеді. Ел бір-бірімен араздаспайтын заман бола ма?

Т ө л е б и. Қазеке, сіз айтқан заман бола ма, болмай ма білмеймін. Бірақ, ақыр заманнан ешкім қашпайды. Ол біздің бет алдымызда тұр. Сол сотта қандай дәнішпан болса да билік айта алмас.

С а р ы ш а л. Ғажайып сөз.

Б і р і н ш і а қ с а қ а л. Иә, ақыр заманды ұмытпай айтып отырған жөн. О, Алла, өзің жасағанның бәріне ризамыз.

Е к і н ш і а қ с а қ а л. Билік бізден кеткені де...

С а с ы қ б и. Заманның ақыры болғанын сезу де ұлылық.

Ү ш і н ш і а қ с а қ а л. Ақыр заманның алдында беті-қолымызды тазартып жуып алғанымыз жөн.

Қ а з ы б е к б и. Қалай тазартып жусан да бәрібір адамдар таза жанды және былғаныш жанды болып екі топқа бөлінеді.

Т ө л е б и. Иә, Қазеке, алдымызда көр және біз қатыспайтын ас. Не қалады біздің артымызда?...

Қ а з ы б е к б и. Алла тағаладан рахым болса, артымызда ұрпақ қалады. Ал, Алла тағала рахым рахмет болса артымызда халық қалады.

Ә й т е к е б и. Асқар тау, сенде бір мін бар – асу бермейсің,
Тасқын су, сенде бір мін бар – өткел бермейсің.
Билер, сендерде бір мін бар – басқаға сөз бермейсің.

Қ а з ы б е к б и. Шырағым, қай баласың, аты-жөнің кім?

Ә й т е к е б и. Әкемді сұрасаңыз – жетесіз,
Шешемді сұрасаңыз – некесіз.
Туа салған бір баламын,
Тегімді сұрап не етесіз?

Т ө л е б и. Дуана, сөзің жетті, енді төрелігіңді айтып, алдымызда шешім күтіп тұрған дауға қатысуға дайын сияқтысың ғой.

Ә й т е к е б и. Алты атасын арқалап жүргенді сіздерден көрдім, жеті атасын жетектеп жүргенді сіздерден көрдім, ескіріп кеткен дау екен. Құр қайтсаңыздар, ағалық назарыңызда қалармын. Ердің құны жүз қара ғой. Кіші жүз санын жүзге толтырып тайынша, торпақ берсін, соған разы болындар!

Қ а з ы б е к б и. Кіші жүзден шықсаң, дуана, сен Әйтеке биді кездестірген жоқсың ба?

Ә й т е к е б и. Кездескен жоқ десем шындық болмайды, кездестім десем жөн болмайды. Әйтекемен бірге көп тамақ жедім. Айтқан сөзін, даусын естідім. Сыры, ойы да таныс маған. Бірақ, ақиқатында кім өзі, әлі білмеймін.

С а р ы ш а л. Ол не деген сөз? Мынау саудың сөзі емес. Кездескен деген кездескен, кездеспеген деген кездеспеген деген сөз.

Қ а з ы б е к б и. Біздің кездеспей кездесіп жүрген адамымыз өзіміз. Бірақ бізге кездескен адамдар атсыз болмайды. Біздің алдымызда Әйтеке би отыр. Кіші жүзше айтқанда: сәлем бердім, Әйтеке би.

Ә й т е к е б и. Мен де сәлем бердім, мәртебелі, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би! Сәлем бердім, осындағы барлық ел ағасы ақсақал, қарасақал сәлиқалы жиын бәріңе!

Он бесінші сцена

Қараша қазақ үйлері. Әлібектің қырқы нәзірі болып жатыр. Жылаған әйелдердің үні естіледі. Ауыл іргесінде бос ерге мініп Қылышбек отыыр. Қолындағы қамшысын ердің қасына тіреп оған иегін сүйеп алған. Қолдарына найза, шоқпар ұстап сайланып алған ауылдың ашуға мінген жігіттері Қылышбекті қаумалап тұр.

Б і р і н ш і ж і г і т. Оларға сенгеннен түк шықпайды.

Е к і н ш і ж і г і т. Дұрыс айтасың. Міне Әлібек марқұмның қырқы болды, шешкен түгі жоқ. Ал ана оңбағандар біздің Қосмұрында жәйбірақат әлі отыр.

Ү ш і н ш і ж і г і т. Бәрін өзіміз бітіреміз! Ол дәнiшпандар өз пайдаларын күтіп әлі отырады.

Т ө р т і н ш і ж і г і т. Сөйтпесек, мына ауылдың зарлы даусының тоқтайтын түрі жоқ.

Б і р і н ш і ж і г і т. Қылышбек, сен кеше ғана Тәуке ханның оң қолы боп жүрген ер едің, енді бұл не отырыс, баста жігіттерді! Сенің бір ауыз сөзіңді күтіп отырмыз. Сен бізді байлап отырған...

Қылышбек үнсіз, басын салбыратқан күйі отыр.

Б е с і н ш і ж і г і т. Ешкімін қалдырмай құртамыз! Қанға қан аламыз!

Е к і н ш і ж і г і т. Аттан!

Т ө р т і н ш і ж і г і т. Жоқтаусыз кеткен қайран ер! Кек... кек...

Ү ш і н ш і ж і г і т. (*Қылышбекті нұсқап*) Бұл бізді қалай бастайды, өзі бұқа сияқты анау Мырзақыптың жиен қызы Санагүлдің артын искеп сандалып жүр.

Қылышбек орнынан ұшып тұрып, анау жігітке сілтемекші болып тағы бір жігіттің қолындағы найзаға жармасады. Ол найзасын бермей, кері жұлқып тартып алады. Қылышбек амалсыз орнына қайта отырады. Жігіттер даурығып, шулап кетеді.

Е к і н ш і ж і г і т. Жігіттер, жиналыңдар, аттанамыз! Енді мына зарды естіп тұра беруге дәтіміз қалмады!

Ү ш і н ш і ж і г і т. Аттан! Аттан!

Қылышбек басы салбырап қозғалмай үнсіз отыр. Жігіттер әлі даурығып тұр.

Он алтыншы сцена

Төле бидің үйі. Сол отырған адамдар.

Т ө л е б и. Бәрі келді. Түгелдендік. Қазақтарға тіршіліктің тырбаңына уақыт жоқ, ал әңгіме-дүкенге уақыты шексіз. Енді ел басының алдымызға қойған ісін шешетін сәт болды. Қарсы болмасаңыздар, анау Манап биді оятып, осында шақырсақ. Сосын ханның бұйрығымен Күлтөбе басына бізге арнайы көтеріткен Ханабад ордасына барып көтерілсек. Қазеке айтар тілегіңіз бар ма?

Қ а з ы б е к. (*Қос алақанын жәйін*) Әумиін!

Үй ішінде отырған кісілер орындарынан тұрып сыртқа шығады.

Он жетінші сцена

Қостың алдында ошақ басында Жәзира мен Санагүл бірдемені қайнатып отыр. Зарлап, бетін тырнап Бәйбіше келеді.

Б ә й б і ш е. Қайда ол оңбаған, лағнет? Аспан айырылып, жауған тас сол лағнеттің төбесіне түссін!

Санагүл басын төмен салады. Бәйбішенің алдына Жәзира тұрып қалады.

Ж ә з и р а. Не боп қалды, жеңеше? Қандай апат? Кімді масқара, жаман қарғап жатырсыз?

Б ә й б і ш е. Иә, сен білмейсің бе... сенің қарғыс атқыр қызыңды. Тірідей шіріп кетсін... қарнын қорқау жарсын...

Ж ә з и р а. Кет мұнан, құрғыр! Бетіңе мынау қайнаған қара сорпамызды шашып жіберем.

Б ә й б і ш е. Шәш! Шәш қане, Мырзақып сияқты мен де сендердің қолдарыңнан өлейін...

Ж ә з и р а. *(жылап қоя береді)* Ойбай, жалғыз ағам менің... шынымен мені тастап кеткенің бе!... апат... нағыз апат осы ғой... Жеңеше, жеңешем-ай, қазір... қазір... мен көмемін сол апаты...

Жәзира жерге отыра қап бірдеңені алақанымен жабады. Бәйбіше қозғалмай отырған Санагүлге барады.

Б ә й б і ш е. Түк болмағандай нағып отырсың арсыз... Сен кінәлісің... бәрін сен бүлдірдің... мұратың сол болса қуарып жалғыз қал, оңбаған... қайыршы... көзіңнен жас кетпесін... жоғал бұл маңнан... кет, кет әрі.... өл... өл... сен өлсең мүмкін, біз тірі қаламыз....

Санагүл. *(басын көтеріп)* Керегі сол болса қазір-ақ өліп жоғалайын...

Он сегізінші сцена

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би үшеуі оңаша келе жатыр.

Т ө л е б и. Киім адамның екінші беті. Біздің Әйтеке дуананың киімін жәйдан жәй киіп келмеген сияқты көрінеді маған.

Қ а з ы б е к б и. Сапарда жүрген жан жәй пенде емес, дуана секілді... аспаннан келген аянды жеткізуші... Әйтеке осы жыртық шапанымен бізге соны белгілеп келді мұнда. Ал, би інім, ойыңдағыны айт.

Ә й т е к е б и. *(Төле биге)* Естуім бар, ренжімесеңіз, сіз жылқыларды адамнан артық көріп аяйды екенсіз.

Т ө л е б и. Әрине, адам қорлықты жасайды, ұрлықты жасайды, дүние-боқ жияды. Ал жылқы... жылқы ол... әй, өзің білесің ғой қандай тамаша!

Ә й т е к е б и. (*Қазыбек биге*) Ал, сіз Қазеке, тұтқындарды еркін адамдардан жоғары қояды екенсіз.

Қ а з ы б е к б и. Енді не істеймін, еркіндігі қолындағы адамдар өздері жоғары өрмелейді, тіпті қасындағы адамның басын басып өтіп.

Ә й т е к е б и. Білмеймін... Менің ойымша, қандай ру, тайпа ел болсын Алланың алдында бірдей, құлдары. Бірін жақсы, бірін жаман деп қалай айтамыз...

Т ө л е б и. Ондай шешімге мен ешқашан барған жоқпын. Бармаймын да. Қандай ел болсын көпке топырақ шәшу әділетсіздік. Жамандық ел біткенде емес, жамандық ел арасында болады... Бүкіл құраманы қазақ жерінен қуып шығару Алла алдында күнәһ болар.

Ә й т е к е б и. Сонда Төле би аға, не үшін сот төбесіне бара жатырмыз.

Қ а з ы б е к б и. Біз құрама тағдырын шешу үшін жиналған жоқпыз, Би інім. Бірақ, бір шешімді шығаруға міндеттіміз. Биміз ғой, биліксіз жүрмейтін... (*күледі*).

Он тоғызыншы сцена

Иен жерде Жәзира отыр. Алдында жатқан ұсақ сүйекті алақанымен біресе жауып, біресе ашады.

Ж ә з и р а. Бар – жоқ. Бар – жоқ. Бар – жоқ.

С а н а г ү л. Апатай, қойшы енді. Апатымызды жоқ қылысаң жоқ қыл. Қойшы енді, қарашы маған, күн-түн бойы осылай отырып шаршадың ғой. Тамақ та ішпейсің.

Ж ә з и р а. Бар – жоқ. Бар – жоқ. Бар – жоқ.

Әлішер келеді.

Ә л і ш е р. Санагүл!

Санагүл шешесінің қасынан кетпей, Әлішерге мән бермейді. Қарамайды да оған.

Ә л і ш е р. Санагүл, маған осылай қырсыққаның бекер. Бәрібір, маған қатын боласың. Мырзақып жоқ. Құрама елін енді мен басқарамын. Менің ғана арқамда қайыршылықтан құтыласың. Соны түсінбеймісің. Мырзақып марқұмның әппәк үйіне қайта кіретін боласың. Оның бәйбішесі саған тамақ дайындайтын болады, аяғыңды жуады. Көресің бақытты боламыз. Мен енді баймын, жәй жармақтар емес, құман толы алтыным бар. Неменеге үндемейсің... Тіл қатсаңшы...

Санагүл үнсіз. Әлішер оның қасына келіп өзіне тартады.

С а н а г ү л. Кет. Әрі тұр менен. Өлсем де сенімен қосылмаймын!

Санагүл қолын жұлқып босатып, қашып кетеді. Әлішер лашықты бір теуіп құлатады.

Ә л і ш е р. Құрысын бәрі. Бәрін құртамын... өртеп жіберем... ешкім менің қолымды қақпайды... енді көзіме түскеннің бәрі менікі болдаы. Ешкімге бермеймін.

Әлішер өзіне назарын да салмай меңрейіп отырған Жәзираны айналып өтіп Санагүлдің артынан жылдам кетеді.

Ж ә з и р а. Бар – жоқ. Бар – жоқ. Бар – жоқ.

Жиырманшы сцена

Тәуке ханның ордасы. Хан тағында отыр. Алдында қарулы сарбаздар. Жұрт алдына Сары шал шығады.

С а р ы ш а л. Уа, жұртым, алқалы сотқа жиналған ұлы жүз Төле би, орта жүзден Қазыбек би, кіші жүзден Әйтеке би, қарақалпақтан Сасық би, қырғыздардан Манап би, кірме рулардан шыққан Рақыманқұл би бәрі осында. Бәріңізге үш ресіми сұрақ бар. Кеңеске жиналған жұрттың арасында құл бар ма?

Д а у ы с. Жоқ.

С а р ы ш а л. Әйел адамдар бар ма?

Д а у ы с. Жоқ.

С а р ы ш а л. Ер біткеннің қолында қаруы бар ма?

Д а у ы с. *(біреуді нұсқап)* Анау тұрған кісі қарусыз.

С а р ы ш а л. Сол адам кетсін, қарусыз оның даусы жоқ.

Қ а р у с ы з а д а м. Бар менде... үйде... ұмыттым... қалай ұмыттым...

К ө п д а у ы с. Шық... кет... кет...

Жұрт қарусыз еркекті итеріп ордадан шығарып жібереді.

С а р ы ш а л. *(Тәукеге бетін бұрып, сәл иіліп)* Мәртебелі Хан ием, кеңеске даусы бар ер түгел жиналды.

Т ә у к е. Бастандар!

Көптің алдына Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сасық би, Манап би, Рахманқұл би шығады.

Т ө л е б и. Қазақ жаныс руы мен құрама рудың арасында үлкен дау болғанын білесіздер. Қан төгілді. Жер, құдықтар рұқсатсыз қолды болды. Сол рулардың енді көрші өмір сүруіне мүмкіндік қалмады.

Қ а з ы б е к б и. Қазақтар қазақ шежіресіне кірмейтін ел жерімізді босатсын деп шарт қойып отыр. Шежіреге кірмейтін рулар төре, қожа, қунақ, төлеңгіт, алаша, жалпақ, қырғызәли, ноғай-қазақ, қатаған, матан, қарамойыл, боздақ, құрама.

Ә й т е к е б и. Қазақ хандығының алқалы сотының шешімі біздің жерімізге олардың тұру құқы жоқ, көшіп кетсін.

Б і р і н ш і е р. Дұрыс, кетсін!

Е к і н ш і е р. Келісім береміз!

Ү ш і н ш і е р. Тағы қанша жыл шыдаймыз? Кетсін!

Т ө р т і н ш і е р. Кетсін!

Б е с і н ш і е р. Бүгіннен бастап ешкімі қалмай кетсін!

Ә й т е к е б и. Бүкіл кірме рулар кеткеніне қосыласыздар ма?

Б і р і н ш і д а у ы с. Иә!

Е к і н ш і д а у ы с. Бүкілі кетсін!

Ү ш і н ш і д а у ы с. Біреуін де қалдырмаймыз!

Төле би қолын көтеріп жұртты тыныштыққа шақырады.

Т ө л е б и. Бірінші кететін ру – қожа.

Пауза.

Б і р і н ш і д а у ы с. Қалай қожа?

Е к і н ш і д а у ы с. Түсінбедім? Қожаларды қалай қуамыз? Біз не, сонда мұсылман емеспіз бе? Біздің әулие біткен қожалар болды ғой.

Ү ш і н ш і д а у ы с. Олар Құранды оқиды... білмеймін...

Т ө л е б и. Екінші ру – төре.

Т ө р т і н ш і д а у ы с. Төрелер біздің хандарымыз, ұлы Шыңғысқанның ұрпағы, бірақ қазақ емес. Иә, қазақ емес.

Жұрт үнсіз. Тәуке хан тақтан тұрады. Қылышының сабынан ұстап билерге қарайды. Екі-үш сұлтандар, сарбаздар Тәуке қасына келіп олар да қылыштарының сабынан ұстайды. Қылышбек те Тәукенің қасына келіп, ханды денесімен қорғап тұрады.

Қ ы л ы ш б е к. Осы шешімге мен қарсымын. Бүкіл хандарымыз, сұлтандарымыз төре, олар болмаса үкімет болмайды. Ертең жер қорғайтын

шайқаста кім қол бастайды. Оған шамасы келетін жалғыз-ақ Тәуке ханымыз. (*қылышын қынынан суырып жүзін көрсетеді*). Бізді тыңдамасаңдар, міне, біздің қылышымызды тыңдайсыңдар.

Б і р і н ш і е р. Қалай боп қалды осы жағдай?

Е к і н ш і е р. Құдай сақтасын, қалай ғана осындай шешімді шығаруға болады.

Ү ш і н ш і е р. Қалайы несі, біз өзіміз келістік қой осыған.

Т ө р т і н ш і е р. Дұрыс емес, ешқашан болмайды осы шешім.

Б е с і н ш і е р. (*жұртқа қарап*) Билердің шешімін қайтадан кеңеске салайық.

Б і р і н ш і е р. Мен келіспеймін сол шешімге!

Е к і н ш і д а у ы с. Кірмелер қазақтармен бірге тұрсын. Бірлікте – күш.

Ү ш і н ш і е р. Ой, анау ноғай-қазақ менің нағашым ғой.

Т ө р т і н ш і е р. Қазақ та, кірме де бір бұлақтан су ішіп, бір қазаннан ет жеген халық. Келіспейміз бұған. Қалсын кірмелер!

Б е с і н ш і е р. Тәуке ханға Құдай қуат берсін!

Б і р і н ш і е р. Біз Тәуке ханға берген анттан кетпейміз!

Е к і н ш і е р. Жасасын хан ием!

Ү ш і н ш і е р. Хан Тәуке, енді сен айт!

Тәуке хан қылыштың сабынан колын босатып алады.

Т ә у к е. Жұртым! Кеңес билердің шешіміне келісім бермеді. Бұл шешімді оң деп санаймын. Солай болсын! Қазақ пен кірме бір ел.

Б і р і н ш і е р. Тәуке ханға Құдай ұзақ ғұмыр берсін!

Е к і н ш і е р. Жасасын хан Тәуке!

Ү ш і н ш і е р. Жасасын хан ием!

Т ө р т і н ш і е р. Жасасын! Ұзақ жасасын!

Б е с і н ш і е р. Жаса! Жаса! Жаса!

Тәуке хан алысандай басып билер тұрған жаққа беттейді, билер амалсыз қадамдап артқа шегінеді.

Т ә у к е. (*билерге*) Отпен ойнап жүсіңдер!

Билер басын иеді. Хан кетіп қалады.

Т ө л е б и. (*Тәуке ханға*) Хан ием, ел арасының тыныштығы әрине жақсы, бірақ, анау құрамалардың қылымысы осылай түйіншек болып қалатын болғаны ма? Бір арысты өлтіріп, он шақты ердің етіне жара салды. Ал, қазір сол құрамалар біздің жерімізде, Қосмұрында біздің рұқсатсыз отыр.

Кетіп бара жатқан Тәуке хан тоқтайды, бірақ басын қайырып Төле биге қарамайды.

Т ә у к е. Бар заңдар жетпей ме сіздерге?!

Т ө л е б и. Сол заңдар әрине көп нәрсені анықтайды. Бірақ қандай қылмысқа қандай жаза беру анық айтылмаған. Кімнің құны қанша екені белгісіз, әр ненің құны әр жерде әр түрлі.

Тәуке хан бүкіл денесімен кері бұрылып Билерге қарайды.

Қ а з ы б е к б и. Ер тоқымның түрі-түсі әр түрлі болғанымен, ауыздық біткен бірдей.

Т ә у к е. Жарайды. Өлтірілген адамның құны қандай болу керек?

Т ө л е б и. Бір саусақтың құны... жүз қой болса... Ердің құны мың қой болғаны адал деп ойлаймын. Қазеке, сіз не айтасыз?

Қ а з ы б е к б и. Келісемін. Өлтірілген әйелдің құны бес жүз қой.

Т ә у к е. Кімде кім сұлтанды немесе қожаны өлтірсе жеті ердің құнын төлейтін болсын. Сұлтанды ренжітсе оған да құн төленсін. Төке, Қазеке, кіші жүзден бірінші рет келіп отырған жас биді қастарыңызға алып, осы Күл-төбенің басында қозғалмай отырып, анау Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын қайта саралап, толықтырып, анық емес жерін анықтап бүкіл қазақ даласына ортақ әділетті шешім ретінде жүретін заң жасап шығыңыздар. Сосын менің алдыма алып келесіздер.

Т ө л е б и. Мақұл, хан ием, айтқаныңызды жасаймыз. Қан – қазық, би – тоқпақ.

Қ а з ы б е к б и. Көптің сөзін де жерде қалдырмаймыз... Көптен жоғары Хан отырғанын ұмытпай.

Ә й т е к е б и. Нәпсі – шайтан. Құран мен сүннетке сүйеніп жасаймыз, Хан Алланың бірінші шаһиді болғанын біліп.

Т ә у к е. Күтемін. Мен ғана емес бүкіл ел күтіп отыр. (Кетіп қалады).

Жиырма бірінші сцена

Сыр дарияның жағасы. Су жағасына Санагүл шығады. Артынан қалмай Қылышбек жүр. Қылышбек Санагүлдің қолын ұстап алады.

С а н а г ү л. (қолын жұлқып алады). Тиме маған.

Қ ы л ы ш б е к. Менікі жәй ғой енді... қолыңды ұстасам сені құлап кетпесін деп ұстадым. Мынау жардан құласаң терең су сені алады да кетеді. Әкелші бері қолыңды.

С а н а г ү л. Тиме! Әрі тұр!

Әлішер келіп қалады.

Ә л і ш е р. Әй, сен, тарт қолыңды!

Қ ы л ы ш б е к. Сен Санагүлдің кімісің осы сөзді айтатын?

Ә л і ш е р. Ол менің қалыңдығым.

Қ ы л ы ш б е к. Сенің қалыңдығың болса, Санагүл менің барым, өмірім.

Ә л і ш е р. Кет! Кет дедім ғой саған бұл жерден, шойнаңдап.

Қ ы л ы ш б е к. Кетпесем не істейсің?

Ә л і ш е р. Басың қанжағамда кетеді.

Қ ы л ы ш б е к. Көреміз кімнің басы кімге олжа боларын.

Екеуі бір-біріне жақындайды. Екеуі де қолдарындағы қамшыларын белдіктеріне қыстырып, қанжарларын шығарады.

Қ ы л ы ш б е к. Пұшық шошқа, сені басында өлтіргенім жөн болар еді. Бекер аядым.

Ә л і ш е р. Ал мен сені аямаймын. Қазір, ішек-қарныңды ақтарып саламын.

Қ ы л ы ш б е к. Құраманың көңіліндегі сөзін естіп тұрмын... сендер нағыз қанды қолсыңдар. Сендерді бірінді қалдырмай құрту керек.

Ә л і ш е р. Құртып жібер қолыңнан келсе. Бәрібір біз сендер қазақтарды табанымыздың астында таптаймыз.

Қарулы екі жігіт алыса түседі. Әлішердің бетін қан жауып кетеді.

Ә л і ш е р. Мә саған, өз қаныңа өзінді тұншықтырып жіберейін бе...

Қ ы л ы ш б е к. Бұл сені қанжармен қыдықтағаным ғана, қазір көресің, терінді етіңнен айырып сыпырып алам.

Санагүл жігіттерге қарай келеді.

С а н а г ү л. Қойыңдар! Не істегендерің бұл! Сендерге адамның қаны судан құнсыз ба? Қалай түсібейсіздер... Мендей жетімек сорлыны аясаңдар етті... қандай бақытсыз жанмын... әке дегенді білмей өсіп едім, енді шешесізбін... нағыз жетіммін... сормандайды аясаңдар етті... сор маңдай...

Екеуі Санагүлді тыңдамай бір-бірін пышақтап жатыр.

С а н а г ү л. Мен көнемде біреуіңе шығуға, бірақ, біреуіңе шықсам екіншің қоймайсың. Ал біреуің біреуінді өлтірсең қазақ пен құраманың арасындағы дау қайта өршіп кетеді. Тағы қан төгіледі. Ауылдар мал-жанды тастап ауады. Апат болады... Қойыңдар! Қойыңдаршы енді....

*Санагүл жылайды. Қылышбек пен Әлішер бір-бірімен алысып жатыр.
Оған мән бермейді.*

С а н а г ү л. Мен де өз күнәмді мойныма алмай, есі кеткен адамдардан іздеймін оны. Не істеймін.... не істеуге болады енді. Мендей сорлы жетімді аясын ба бұлар, қатігездер... Апатай неге тастап кеттің мені...

*Санагүл дәрияның жар жағасына барып суға өзін тастап жібереді.
Қылышбек пен Әлішер бір-бірінің жүрек тұстарына қанжарларын салып
алады да, екеуі бауырлар сияқты құшақтасып құлап түседі. Қолында
ұстаған таяғы бар Әйтеке би шығады. Екеуінің өлі денелерінің қасына
барады.*

Ә й т е к е б и. О, Алла! Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дәрия,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.
Нәпсі ақылды сөз айтпайды,
Айтқан сөзді тыңдатпайды...

*Әйтеке би таяғын жерге қойып екі мәйттің қасына отырып алақанын
жсаяды.*

Ә й т е к е б и. Аллахумма-гфир ли хайина ва майитина, ва шахидина
ва гаибина ва загирина ва кабирина ва дакарина ва унсана...

Соңы.

Орыс тілден аударған: Ә. Бағдат
Ш.Құсайынов

Өлеңдерді жазған: Ә.Бағдат